Сайыс сабағының тақырыбы: Тіл жүйрікте кім жүйрік?
Сабақтың мақсаты:
оқушыларды мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу;
қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, тілге сүйіспеншілікті тудыру;
елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу.
Сабақтың әдісі: сайыс-ойын сабағы
Сабақтың көрнекілігі: тақтада даналық сөздер, сайыстың атауы, суреттер,интерактивтік тақта,презентация.
Қатысушылар: 9,10 орыс сыныбының оқушылары.
Сабақтың барысы:
1.Мұғалімнің кіріспе сөзі:
Армысыздар құрметті ұстаздар, оқушылар. Қазақстан көп диаспоралы, әр тілде сөйлейтін ел. «Жеті түрлі білім біл, жеті
жұрттың тілін біл» деген дана халқымыз. Өз ана тілімен қатар мемлекеттік тілді-қазақ тілін жетік меңгеруіміз керек. Қазақ халқы
"ақыл – жастан, асыл - тастан" деп бекер айтпаған, олай болса ұшқыр қиял мен ойлылықты қажет етер, "Тіл жүйрікте кім жүйрік? " сайыс сабағына қош келдіңіздер!
Мұғалім: Кім білімді, өнерпаз білейікші,
Оқушылар алғыр деп жүрейікші.
Әділқазылар алқасына тек әділдікті,
Сайыскерлерге тек сәттілік тілейікші!
Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жанар ма?
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие, тәлім табар ма?
Бұл бәйге ойдың бәйгесі?
Кім жүйрік ойға сол алда, дегендей сайыскерлерімізді ортаға шақырайық.
2. Қатысушылар мен әділқазылармен таныстыру:
а) Сайысқа қатысушылармен таныстыру:
Бүгінгі сайысқа 9 ,10 сыныбының оқушылары қатысқалы отыр.
І-топ «Достық» тобы.
Ұраны: Жауап беріп сұрақтарға дәл, анық,
Достықтың жеңетіні дәл, анық.
Достық тобының капитаны тағайындалады.
ІІ – топ «Жұлдыз» тобы.
Ұраны: Бірігіп жарыса топта,
Жеңімпаз атанымыз бұл сайыста.
Жұлдық тобының капитаны тағайындалады.
ә) әділқазыларды таныстыру:
Шын жүйрік шабысынан танылады,
Нақты білім, терең ой сыналады.
Баға берер әділқазы ортамызда,